

ҚЫЛМЫСКЕРГЕ АЯУШЫЛЫҚ ЖОҚ

БҮЛ БҰЗАҚЫЛЫҚ, МАСКҮНЕМДІК ПЕН НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ САЛДАРЫ

Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың осы жылғы наурыздың 17-сіндегі Қаулысына сәйкес жүргізіліп жатқан «Құқық тәртібі» жедел-алдын алу шаралары мұнан соңғы уақытта «Көкнәр», «Іздестіру» және «Қашқын» операцияларына жалғасуда. Осыған байланысты облыстың ішкі істер басқармасы бастығының жарлығы жарияланып, облыс бойынша бес жедел-іздестіру тобы ұйымдастырылды. Олар жергілікті жерлерде нақты жағдайларға үйлесімді өдіс-тәсілдермен қызмет атқаруда. Олардың іс-қимылының бағыттары айқын және жоспарлары белгілі.

Соның нәтижесінде іс барысында біркелкі табыстарға қол жетуде. Сөйтіп, соңғы апталарда ғана 250-ден астам қылмыс тіркелсе, олардың 70 процентке жуығы, біздіңше айтқанда, «ізі суымай» өшкереленді. Сондай-ақ, бұрын белгісіз күйдегі 60 қылмысты анықталып, қылмысқа қатысты деген зүдікпен ұсталғандар жөніндегі қадамдарымыз оңды бола түсті. Сөйтіп, олар жөнінде қылмыстық істер жүргізілуде. Бұрыннан есепке алынғандардың жайың, төлқұжатқа тіркелу ережелерін теңсеру, тағы басқа да жұмыстар толассыз жалғаса бермекші. Жедел алдын-алу шаралары барысында қылмыстар анықталғандардың мәселелері заңда көрсетілген мерзімде халық соттарының қарауына беріліп тұрады.

Қылмысқа және жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық кеңестің мәжілісінде біздің облыстың ішкі істер басқармасының тамыр жайған қылмысқа қарсы күресінің жеткізіндігі сыналғанды. Аталған сыннан қорытынды шығара отырып, «Құқық тәртібі» операциясының үшінші кезеңінде 25 қылмыстық топ, оның біреуі тамыр жайған алаяқтар анықталып, қолға түсірілді.

да сауда-саттық жасау үшін келгені белгілі болды. Жергілікті тұрғындармен байланыс жасаудың көпшілік пікірін сараптаудың арқасында Қаратал аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері бұрын сотталған А. Гордниченко мен М. Қарасман-оғлы дегенді ұстады. Мұның соңғысы қылмысты істей тұра бой тасалап, біраз уақыт қашып жүрді. Қалай дегенмен қолға түсіріліп, енді сот алдында жауап беретін болады.

Ал, мыналардың ісі тінті де төзгісіз еді. Алматы — Өскемен жолының бойындағы 300-ші шақырымда Қапал ауданының территориясында жолаушылар демалып салқындайтын жерде кара түсті ВАЗ жеңіл автомашинасымен белгісіз біреулер келе қалып, өзі танымайтын, білмейтін В. Калмаков деген жазықсыз жанды қорқытып, 18 мың теңгесін тартып алып тайып тұрады.

Дәл сол күні Сарқан аудандық ішкі істер бөлімінің қылмысты іздестіру бөлімшесінің қызметкерлері Алматы селосында Ж. Қалібеков дегенді тоқтатады. Ол Қарағанды қаласында тұрады екен. Осы қаладағы Киров аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері оны іздеумен шұғылданып жүргенде қылмыскер ізін жасырып, осы өңірді сауғалаған көрінеді. Бұл алаяқты қамауға алу жөнінде прокурор санкциясы да бар болып шықты. Қолға түскен қылмыскердің алды-артын мұқият «қазбалағанда» ол жол торып, адамдарды тонаумен, қолдағыларын күштеп тартып алумен шұғылданып, бұрын екі рет сотталған, рекетшілер тобының «серкесі», есірткімен құнықпанның өзі көрінді. В. Калмаковты да тонаған болып шықты. Осы күні бас шарасы қамаудағы Ж. Қалібековтың меншігіндегі кара түсті ВАЗ-2108 жеңіл автомашинасы да тұтылды.

Жақында мемлекетаралық деңгейде іздеуде жүрген аса қауіпті қаныпезер Д. Рысқұлов қолға түсіріл-

ауыр, өкіметтің құрығы — ұзын» деген нақты осыдан шықса керек деп ойлаймыз.

Соңғы жылдары есірткі заттарды пайдалану, дайындау мен өткізу сияқты қылмыстық істер жиілеп кетті. Сондықтан оған қарсы соққы беру міндеті қойылуда. Осындай ісі үшін 19 адам ұсталса, олардан алынған әлгі есірткілер қолма-қол жойылды. Осындай әрекеттері үшін талдықорғандық М. Әділханов, Д. Меночников, текелілік В. Смельов жауапталды.

Көптеген азаматтардан заңсыз сақталған қару-жарақ, жарылғыш заттар алынды. Еш жерде есепте жоқ 80 қашқына лайықты шаралар қолданылды.

Облыс бойынша 84 «сенім телефоны», 62 «Сенім почтасы» жұмысқа қосылғанды. Үшінші кезеңде оларға 22 хабар түссе, оның алтауында қылмыстың алдына тосқауыл қойылды. Мысалы, Текелі қаласында «сенім телефонына»: «қалалық зиратта белгісіз біреулер автомашинаны бөлшектеп жатыр» деген хабар түсті. Тенсере келгенде қылмыстың беті ашылып, ВАЗ-2101 автомашинасы (мемлекеттік нөмірі 48—66 ТКЛ) табылды. Ол Талдықорған қаласының тұрғыны В. Беттенековтың көлігі екен. Бұл кісі осы автомашинасымен із-түзсіз жоғалып кетіп, іздеу салынағанына бір айдан асқан екен.

Машинаны бөлшектеп жатқан жерде текелілік С. Архипов, балқаштық П. Порядин, тұрақты мекені жоқ В. Чехолков тұтқиылдан, тергеу жүргізілгенде мәлім болғаны: олар автомашинаны иемдену мақсатымен азаматты өлтіріп, оның денесін Талдықорған қаласындағы қосалқы шаруашылық территориясына көміп тастағанын мойындады. Тінту кезінде П. Порядиннен В. Беттенековтың меншікті автомашинасының техникалық паспорты және кіші калибрлі мылтықтың патроны алынды. Олар осы өкпен марқұмды о дүниеге аттандыр-

Егер үшінші, көсеннің барымен туралы айтатын болсақ, мынадай аса ауыр қылмыстар анықталып, қылмыс жасаушылар қаппезерлік істерін мойнына алып отыр. Атап айтқанда, Алматы — Өскемен жолының 242 шақырымында зорлықпен өлтірілген мәйіт табылды. Оның Көксу ауданындағы Айнабұлақ стаясасының тұрғыны екеніне көз жеткіздік.

Осы қылмысты жасауы ықтимал деген Ж. Тілеков пен Т. Абилов турасында ағаттық жасамаған екенбіз. Көксу ауданындағы Шаңырақ ауылының бұзақылары қанша амалдаса да қылмыстары айғақты заттармен дәлелденіп, қылмыс жасаған жерде қалған пышақ, қанға шылған киім-кешек, тағы басқалар бұлталақтауына бұғалық болып жабысты.

Үштөбе қаласы маңындағы Ескелді ауылының қасындағы канал бойынан қанаумен өлтірілген Ж. дегеннің денесі табылды. Тексеру барысында оның Қытай Халық Республикасынан осын-

д. Рысқұлов қолға түсірілді. Ол Қапал ауылында бұрын сотталған ісісі Ж. Рысқұловтың жүрегіне пышақ сұғып алды. Нербулақ ауданында В. Колбин арақ ішіп алып, өз ұлымен төбелесіп, басын жарып тынды.

Текелі қалалық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері бұрын сотталған И. Неволін басшылық етіп жүрген ұрыстарды, Қапал аудандық ішкі істер бөлімі қызметкерлері Қапал, Ақсу, Сарқан және Бөрлітөбе аудандарында үнемі ұрлықпен шұғылданған К. Қалиевтың 14 адамдық тобын ауыздықтады.

Мұндай қылмыстық істердің астарында бұрыннан жасалған ұрлық-қарлық, бұзақылық пен тонаушылықтар да жатқанын көреміз. Олар өздерінің, жымысқы және озбырлық қылықтарымен негізінен алғанда дәрменсіз жандарды жылатып, соларға тізесін батырып келді. Ақырында көптің көз жасы жібермей, өздері темір тордың ішінде қамалып отыр. «Халықтың қарғысы-

ның айтуға мәжбүр болды.

Облыс бойынша «Құқық тәртібі» жедел-шаралар операциясы барысында бірқатар тәжірибелер жинақтап, кемшіліктерімізді де байқап, іс барысында түзеумен берік шұғылданып келеміз. Соған қарамастан қолды болған автомашиналарды іздеп табу және парақорлықтың алдын-алу мен жолын кесу жайы көңілдегідей болмай келеді. Бірақ, онымен күрес бәсеңдемейтінін, ширай түсетінін айтуға тиіспіз.

Қылмыскерлермен күрестегі және құқық тәртібін жақсарту бағытындағы іс-қимылдарымыз жинақталған оңды тәжірибелермен байытылып, толықтырылып, онан әрі жалғаса түспекші. Бұл күндері кешенді шараларды жүзеге асыру жолындағы ізденістер жалғасуда.

М. ҚОҒАМОВ,
облыстық ішкі істер басқармасының штаб бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, милиция подполковнигі.